

«Мұнда сіздерді күтеді, сіздерді көруге қуанышты»



«Мұнда сіздерді күтеді, сіздерді көруге қуанышты»

2024-2025 оқу жылында әртүрлі формадағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен ата-аналар қауымдастығы арасында өзара әрекеттесу бойынша консультациялық пункт өз жұмысын жалғастырды.

Бұл пункт мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған, балабақшаға баратын немесе бармайтын ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету мақсатында құрылды.

Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беру;
- мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беру;
- ата-аналардың (заңды өкілдердің) ақпараттылығы мен педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- балалардың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына ықпал ету.

ТОО «Балабақша «Алақай» педагогтары мен мамандары отбасыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету үшін келесі жұмыс түрлерін қолданады:

- дөңгелек үстелдер;
- жеке кеңестер;
- әңгімелесулер;
- отбасыларға топтық кеңес беру;
- ұсыныстар беру;
- мастер-класстар өткізу.

Жыл бойы консультациялық пунктке мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар (заңды өкілдер) жүгінулеріне болады. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) педагог-психолог Панкевич Г.В. жұмыс жасайды.

Ата-аналардың сұранысы бойынша консультациялық пункттің тәрбиешілері келесі тақырыптарда топтық кеңестер өткізуді жоспарлайды:

- «Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған кеңес»;
- «Бала тілінің дамуына отбасының рөлі»;
- «Баланы сөйлесуге қалай үйретуге болады?»;
- «Баланың балабақшаға бейімделуі»;
- «Шынықтыру әдістері»;
- «Ұсақ моториканың дамуының маңызы»;
- «Салауатты өмір салтының ережелері»;
- «Бала өмірі мен денсаулығын қорғау – біздің қолымызда».

Кеңестер, әңгімелер, дөңгелек үстелдер аяқталған соң ата-аналарға пайдалы кеңестер жазылған буклеттер, жадынамалар, сондай-ақ қиялды, есте сақтауды, зейінді және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған дидактикалық ойындар ұсынылады.

Балаға жүргізілген диагностика нәтижелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) анықталған мәселелерді шешуге арналған ұсыныстар беріледі.

Барлық пайдалы ақпарат балабақшаның <http://sad-alakaysko.kz/> сайтында және Instagram желісіндегі **alakay_bobekjabaqshasy** парақшасында орналастырылады.

